

## Аңдатпа

Бұл дипломдық жобада 22 кВт қуаттағы тұрақты ток қозғалтқышын жобалау қарастырылған. Жұмыстың басында осы тұрақты ток қозғалтқышына және жалпылама тұрақты ток машиналарына жалпы теориялық шолу жасалынып өтті. Кейіннен осы тұрақты ток қозғалтқышының негізгі өлшемдерін анықтап, зәкір орамдарын таңдап, тісті аймақтың геометриясын, зәкір орамасын есептеп, магниттік тізбектің размерлерін анықтап, магниттік тізбектің қимасы анықталынды. Сонымен қатар, магниттік сызықтың орташа ұзындығы, магниттік тізбектің есептік қимасындағы индукция, магниттік тізбектің бөлек аймақтарындағы магниттік кернеу, параллельді қоздыру орамы, коллектор мен щетканы есептеп, коммутациялық параметрлер, қосымша полюстердің орамдары, шығын мен ПӘК - ті, жұмыстық сипаттамаларды анықталынды, жылыулық есептеулер мен желдету есептеулері де қарастырылған.

Бұл жұмыста тұрақты ток қозғалтқышын жобалаудан басқа қозғалтқышты пайдаланған кездегі өмір тіршілік қауіпсіздігі, сондай-ақ қозғалтқыштың өзіндік құны мен экономикалық тиімділігі де есептелді.